



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 4-т.

**Кәсіподақтың Орталық Комитеті, Атқару Комитеті  
қаулыларын және өздерінің шешімдерін  
бақылау және орындау жөніндегі  
Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ  
ұйымының жұмыс жағдайы туралы**

Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымының төрағасы Б.Е. Аюповтың «Кәсіподақтың Орталық Комитеті, Атқару Комитеті қаулыларын және өздерінің шешімдерін бақылау және орындау жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымының жұмыс жағдайы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **атап өтеді:**

**Жоғары тұрған органдардың қаулылары** міндетті түрде Облыстық ұйым комитетінің отырыстарында қаралады. Осылайша, соңғы 3 жыл ішінде келесі мәселелер қарастырылды:

- «Кәсіподақтың XIV съезінің шешімдерін, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы қызметінің 2019-2024 ж. арналған бағдарламасын іске асыруда кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі міндеттер мен шаралар туралы». (2021 ж.);

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын іске асыру, білім және ғылым қызметкерлерін заңда көзделген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелері» (2022 ж.);

- «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағын дамыту тұжырымдамасын іске асыру барысы туралы». (2023 ж.).

Жоғары тұрған органдардың қаулылары Кәсіподақтың барлық құрылымдарына жеткізіледі. Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерінің негізгі бөлігі белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалады.

Статистикалық ақпарат Орталық Комитеттің аппаратына уақтылы ұсынылып, ұйымдық құрылымды нығайту, мүшелік базаны кеңейту

жұмыстары жүргізілуде. Атқару комитеттерінің кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы статистикалық есеп беру қорытындылары туралы қаулысы, сондай-ақ кәсіподақты ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайту тұрақты бақылауда.

Облыстық ұйым 560 бастауыш кәсіподақ ұйымын, 14 аудандық және қалалық комитеттерді, 1 Солтүстік Қазақстан университетін біріктіреді.

2024 жылдың 1 қаңтарына облыстағы білім саласы қызметкерлерінің саны **29692** адамды құрайды, оның **25594**-і кәсіподақ мүшелері болып табылады. Бұл **86,2%** құрайды, 2023 жылдың басымен салыстырғанда 292-ге аз. Жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің саны **25411** адамды құрайды. Жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының санының төмендеу динамикасы байқалады.

Жыл сайын оқу орындарының саны қысқаруда, демек, облыстық білім беру жүйесінде жұмыс істейтіндер саны да төмендеп келеді.

Облыстық ұйым жыл сайын әр күнтізбелік жылдың басында Атқару Комитетінің қаулысымен бекітілген жалпыға бірдей құқықтық оқыту жоспарына сәйкес іс-шараларды орындайды. Тоқсан сайын қабылданған және келіп түскен құқықтық актілерге мониторинг жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша жоспарланғаннан бөлек оқыту семинарлары өткізіледі.

2019-2024 жылдар аралығында 35472-ден астам кәсіподақ көшбасшылары мен кәсіподақ мүшелері оқудан өтті. 2021-2024 жылдар аралығында 26 860 адам оқудан өтті. (2021 ж. – 8 071 адам, 2022 ж. – 9 398 адам, 2023 ж. – 9 391 адам).

2021-2023 жылдар аралығында қызметтің түрлі бағыттары бойынша 22 оқыту семинары ұйымдастырылған. Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жоспарына сәйкес 11 000-нан астам тыңдаушыны қамти отырып, ұжымдармен бір жарым мыңнан астам кездесу өткізілген.

Сонымен қатар, **Facebook, Telegram** әлеуметтік желілерінде Облыстық ұйымның құқықтық қызметінің байланыс деректері бар.

**Әлеуметтік әріптестік туралы Келісім тараптарының** бірлескен жұмысы өңірдің білім беру ұйымдарындағы еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың көптеген мәселелерін шешуге ықпал етті.

Келіссөздер арқылы тараптар білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, оның ішінде қоғамдық негізде жұмыс істейтін кәсіподақ комитеттерінің өкілдеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді кеңейту туралы шешім қабылданған.

Облыстың барлық аудандарында педагогтер үшін коммуналдық қызметтердің өтемақысы туралы мәселе әзірге 2 АЕК мөлшерінде ғана шешілген. Облыстық әкімдік жанындағы облыстық ұштараптық комиссиясының отырысында коммуналдық қызметтер үшін өтемақы мөлшерін 20 АЕК-ке дейін арттыру туралы мәселе қойылды.

Облыстық кәсіподақ комитеті **құқық қорғау қызметін** күшейту бойынша шаралар қабылдауда.

2021-2023 ж. жұмыс кезеңінде еңбек заңнамасының орындалуына **қоғамдық бақылау** 399 ұйымда жүзеге асырылған, 323 еңбек заңнамасының бұзылуы анықталған: еңбекақы төлеу бөлігінде – 146, жұмыс уақыты мен демалыс режимі бойынша – 57, еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша – 108. Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілердің өкілдеріне 197 ұсыныс енгізілген.

Облыстық ұйымның жұмысына жасалған талдау Кәсіподақтың уәкілетті органы – Орталық Комитет пен атқарушы орган – Атқару Комитетінің жекелеген тапсырмалары мен қаулыларының толық орындалмай отырғанын көрсетеді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Е. Аюповтың ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ басшы органдары:

2.1. Кәсіподақтың Жарғысына сәйкес жоғары тұрған кәсіподақ органдарының шешімдерінің орындалуын толық көлемде қамтамасыз етсін. Кәсіподақтың жоғары тұрған органдарының шешімдерін орындамағаны үшін сайланбалы қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке, сайланбайтын қызметкерлерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін кәсіподақ органдарының кәсіподақтық жауапкершілікке тартсын.

2.2. Жаңа бастауыш ұйымдарды құру арқылы ұйымдық тұрғыдан нығайту және мүшелік базасын ұлғайту бойынша шұғыл шаралар қабылдасын.

2.3. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» атағына республикалық конкурстың бірінші кезеңін тиісті деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

2.4. Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдасын. Білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік салалық комиссияға Солтүстік Қазақстан облысының білім беру ұйымдарындағы еңбекті қорғаудың жай-күйі және өндірістік жарақаттанудың алдын алу шаралары туралы мәселені зерделеу және қарау ұсынылсын. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің қызметін ұйымдастыруға ерекше назар аударып, олардың жұмысын жандандыру бойынша әлеуметтік әріптестермен бірлескен шараларды қамтамасыз етсін.

2.5. Еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалансын, әлеуметтік әріптестермен бірлесіп облыстың барлық аудандарындағы педагогтер үшін коммуналдық қызметтердің өтемақысын одан әрі арттыруға қол жеткізсін.

2.6. Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымында және оның филиалдарында ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Төраға орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**